

МЕНІ ХАЛҚЫМ БАҒАЛАҒАН!..

“Алтын Орда” апталығына сұхбат, 12.IV.2002;
жүргізуші – Талас Әсемқұлов

– Ал, Талас, мынау “Алтын Орда” газеті менімен сұхбат жасауға ықылас білдіріп отыр депсің. Рақмет. Біраз сұрақты алдын ала берген екенсің. Мен ойлансын деп. Ал енді алдын ала сұрақтың керегі жоқ. Мен ешқандай дайындықсыз айта беремін. Бұл – бір. Екіншіден, мен өзім жазатын адам болғандықтан, жалпы сұхбат бергенді жақсы көрмеймін. Ойдағы, көкейдегі нәрселерді орайы келсе жазармыз, ерте ме, кеш пе. Мен, мәселен, өткен 1992 жылдан бастап, осы біздің қоғамдық өмірімізге қатысты, қазір көсемсөз деп жүрміз ғой, бұрын публицистика дейтінбіз, тұтас бір кітап жазып шығарған адаммын. Оның көпшілігі “Жұлдызда” жарияланды. Кітаптың аты “Ұлттың күре тамыры” болатын, 1999 жылы “Қағанат” баспасынан шықты. Соңғы екі-үш жылда басқа шаруалар килігіп, үзіліңкіреп қалды. Бірақ алдағы уақытта қазақ халқының жағдайына, ахуалына байланысты, қоғамдық өмірге, әдебиет мәселелеріне байланысты, уақыт бөліп, көптеген мақалалар жазбақпын. Сол мақалалардың біразын “Алтын Ордаға” беремін бе деп ойлаймын. Ал енді біздің бүгінгі әңгімеміз менің ойымша, бір-ақ тарапта болуы керек сияқты. Мұнда көп сұрақ келтіріпсің. Соның алғашқысы “Қазір нендей жұмыс үстіндесіз? Не жазып жатырсыз?” деген сұрақ қой. Бұл жерде “Қандай кітап шығарып жатырсыз?” деген сұрақ дұрысырақ болар. Өйткені мен осы күзден бері жаңа дүние жазуды тоқтатып, таза баспагерлік жұмысқа кірістім. Өзімнің шығармаларымды шығару тарабына. Бұл орайда ең алғашқы шыққан кітабым – Күнфудзы. Конфуций ғой. Күнфудзының бұл кітабын мен осыдан үш-төрт жыл бұрын аударған едім. Аударғанда, табандап отырып емес, үлкен жұмыстардың арасында, ыңғайы келгенде, көңіл-күйге орай... Шығыстың үлкен данасы, ұлы Қытай халқының перзенті. Бұл жерде біз ұлы дегеннен шошымауымыз керек. Біз осы уақытқа дейін орысты ұлы халық деп келдік қой. Әрине орыстың ұлылығына ешқандай күмән жоқ. Тек орынды-орынсыз көп қолданып, жұртты ығыр қылып жібергеніміз болмаса. Міне, бұдан екі жарым мың жыл бұрын өткен сол Конфуций қытай халқының ұлылығына ұйтқы болған атақты ойшыл. Мен, жалпы қытай әдебиетіне, қытай мәдениетіне зерделеп көңіл бөлмеген екем, кезінде. Оған жағдай да, мүмкіндік те болған жоқ. Үлкен кемшілік. Сол Күнфудзыны оқығанда қайран қалдым. Қазақтығына, қазақпен етене жақындығына. Күнфудзының ойларының, толғамдарының бәрі біздің қазақтың ескі билерінің сөзімен сәйкес келетіндігіне қайран қалған ем. Содан үлкен жұмыстардың арасында отырып Күнфудзының “Кеңес пен

толғам” деп аталатын ғақылия сөздерін, өзі 511 нақыл сөз, күн сайын бесеу-алтаудан аударып, ақыры екі жылдың ішінде жан қинамай, үлкен бір іждағатпен, ықылас-пейілмен түгел тәржімалап шықтым. Бұл – 1998 жылдың аяғында тәмам болған шаруа еді. Бұдан соң Күнфудзы жөнінде көлемді мақала жаздым, “Күнфудзының даналық дәрістері” деген. Оған байланысты басқа деректерді тағы жинақтадым. Дәйектеме жасадым, түсінуге ыңғайлы, қолайлы болу үшін. Әуелі “Жұлдызға” бастым. Содан кейін 99-жылдың басында баспаға ұсынған едім. Сұрап отырған баспа – “Тауһар” баспасына бермей, алдын ала ықылас білдірген басқа баспа, өзім уәде беріп қойған “Қайнар” баспасына тапсырдым. Бұл сөзге тұрақтылық дегеннің өзі де зиянға шығатын жері болады екен. Кітап үш жыл жатып қалды. Енді қайта айналып “Тауһарға” бару ыңғайсыз болатын болды. Кітаптың бөгеліп қалуы – баспаның жағдайы мәз емес екен. Кітап шығаруға бұрынғы Баспаком, қазір Ақпарат министрлігі деп аталады, сол арнайы ақша бөлетін көрінеді. Менің бұрынғы министрге де, кейінгі министрге де ешқандай өкпем жоқ. Мен үлкен кісілерден үлкен нәрсенің өзін сұрамаймын. Шын үлкен болса, өздері де білуі керек. Біліп те жүрді. Күнфудзының басылмай жатып қалуына Баспа департаменті кінәлі. Әлібек Асқаров деген бауырым осындай кітапты тура үш жыл астына басып отырды. Бірақ ұлы қытай халқын, Күнфудзыны ешкім тоқтата алмайды. Мен әлгі Әлібек бауырымның алдына баруым керек екен, кішілікпен өтініш жасауым керек екен. Сонда, бір жарым миллиард ұлы қытай халқы үшін де мен барып жалбарынуым керек пе? Бұл екі ортада Қытай мемлекетімен екі арада қаншама дипломатиялық, экономикалық, мәдени қатынастар орнады. Өзара шапан жабылып, әрқилы сый-сияпат болып жатыр. Біздің мемлекетіміздің ең үлкен адамдарының өзі әдемі болып басылып шыққан Күнфудзының кітабын Қытайға алып баратын болса, одан өткен, одан үлкен сыйлық болмас еді, ал біз үшін одан үлкен мерей болмас еді.

Ал енді қазіргі жасалып жатқан үлкен жұмыс – мен өзімнің өмір бойғы жазған әдеби-көркем шығармаларымды жинақтап шығарғалы жатырмын. Толық жинақ деп айтуыма да болады. Толыққа жақын. Он үш том. Мен – жазудан басқа тіршілігім болмаған адаммын. Жазудан басқа тілеуім болған жоқ. Бар күш-жігерімді, қажыр-қайратымды осы жазу саласына ғана жұмсадым. Енді, тіршілікте күнделікті күйбең ұшыраспай тұрмайды, бірақ біздің еркімізден тыс әрқилы бөгесіндер көп болған сияқты. Соншама еңбек еткенде мен тым құрыса, жиырма том болмаса да, он жеті-он сегіз том жазуым керек еді, жинақтап келгенде жазуымның өзім межелеген көлемге жетпегеніне қатты қапа болдым. Жазушының қасиеті, дәрежесі – аз жазған, көп жазғанымен есептелмейді. Жалғыз роман жазуға болады. Шағын ғана әңгімелер жинағымен қалуға болады. Үш том, бес том, жеті том... Мәселе санында емес. Бірақ қандай нәрсе болмасын әрі жақсы, әрі көп болғаны жөн. Маман жазушы көп жазуы керек. Мен аз жазғам жоқ. Өзім қатарлы жазушылардың ешқайсысынан аз жазғам жоқ. Бірақ мен көп жазуым керек еді деп ойлаймын. Құдай тағы да мұрсат берсе, алдағы уақытта – аз ба, көп пе, қалған ғұмырымызда

біраз есесін толтырармыз. Өйткені, қазір мінеки, он жыл болды, сөзге еркіндік тиді. Шын мәнісіндегі тәуелсіздік біздің әдебиет тарабында болып отыр. Біз айтатынымызды бұрын да айтқанбыз. Әр түрлі жолмен, бүркемелеп, әр түрлі әдеби тәсілмен, астарлап. Бірақ цензурасыз еркін сөздің жөні бөлек. Бұрын қандай амалмен жасырып жазсаңыз да өтпейтін тақырыптар болатын. Ал қазір жазуға тыйым тақырып жоқ. Сондықтан, жаңа сапа, жаңа тұрғыдағы жаңа шығармалар жазам деп ойлаймын. Енді не бар, не жоқ дейтін болсаңыз, бұл он үш томдық “Шығармалар жинағына” менің жиырма жасымда, шындап қолыма қалам ұстаған 1960 жылдан бастап осы бүгінгі уақытқа, 2002 жылға дейінгі аралықта жазылған барлық шығарма енеді. Бұның алғашқы жеті томы – таза прозалық туындылар. Одан кейінгі томдары – әдеби-зерттеулер, сын мақалалар, қазақ тарихына қатысты еңбектер, әр түрлі сипаттағы мақала-эсселер, көсемсөз.

Бірінші томға студент кезіміздегі, шығармашылықтың алғашқы кезеңінде жазылған дүниелер кіреді. Әуелгі әңгімелер, “Тазының өлімі.” Бұл том “Көк мұнар” романымен күрмеледі. Екінші том – 70-жылдары жазылған шығармалар. Көбіне хикаяттар, әңгімелер, “Көкбалақ” деген шағын роман. “Жүйрік”, “Жыланды жаз”, “Өмір жыры” хикаяты. Бұл алғашқы екі том – “Аласапыранға” дейінгі кезең. “Аласапыран” менің ең үлкен және ең елеулі шығармам. Бір әзіл әңгіме бар ғой. Ойдан шығарылған ба, шындық па – білмеймін. Жарықтық Мұхаң, Әуезовті айтам, “Абай жолы” мәртебелі сыйлық алып мерекелеп отырғанда, жарамсақ інілерінің бірі айтыпты дейді ғой, “Мұхаң ұлы жазушы, ол анық нәрсе, талассыз, бірақ Мұхаңның осы уақытқа дейін жазғанынан алдағы жазары көп; “Абай жолынан” да үлкен шығарма жазады” деп. Сонда Мұхаң қатты ренжіпті дейді. “Абай жолы” үлкен болмаса – мен кім болам? Бұдан артық нәрсені мен жаза алмаймын” деп. Мұхаңның ол алпысқа келген кезі ғой. Біз де алпысқа жеттік. Рас, біз “Аласапыранды” сәл ертерек жаздық. Тіршіліктің ерекшелігі сондай, кісі қанша жасқа келсе де алда ұзақ ғұмыр бар сияқты болып көрінеді. Бірақ мен олай деп есептемеймін. Алланың өзінің шектеп берген өлшемі бар. Осы уақытқа дейін алпыс жыл жасасақ, енді алпыс жасамайтынымыз анық. Бірақ қанша жасасам да мен “Аласапыранның” деңгейіне жететін, соның дәрежесінде мән-маңызы болатын шығарма жазам деп ойламаймын. Біріншіден, менің байқауымша және өзімнен ғана емес, бұрынғы, бізден бұрын өмір сүрген үлкен жазушылардың шығармашылығын зерделеп қарағанымда байқағаным, ең жақсы шығармалар жазушылардың қырық жасында жазылады екен. Отыз алты мен қырық бестің арасында. Толстойды алып қараңыз. Тургеневті алыңыз. Басқа да үлкен жазушыларды алыңыз. Сол Әуезовтың өзін алыңыз. “Абай жолының” алғашқы кітабы осы мөлшерде жазылған. Екіншіден, “Аласапыранның” тақырыбы – қайталанбас тақырып, өзгеше тақырып. Өте ширыққан драма. Бұлағай заман. Сондықтан, “Аласапыран” менің басты кітабым болады. Бұл кітап үшінші, төртінші томдарға еніп отыр. Бесінші том – “Аласапыраннан” соң, Тәуелсіздікке дейін жазылған шығармалар.

“Шақан Шері” деген романым болған. Аса үлкен емес. Бірақ өз шамалауымда “Аласапыранға” жетпесе де, әжептәуір. Менің таңдаулы шығармаларымның қатарында.

– Шеберлігі “Аласапыраннан” да биік емес пе? Қалай ойлайсыз?

– Ол енді сырт көзге солай көрінеді. Мәселе былай. “Аласапыран” оқып қараған адамға өте жеңіл болып көрінеді. Жалпы менің жазуымның ерекшелігі мынадай. Менің жазуым тым оңай болып көрінеді. Қолдан қоя салған сияқты. Баяғыда, бір жас сыншы, атын ұмытып қалдым, бұдан он-он бес жыл бұрын мақала жазыпты. Мені мақтап отыр, мақтап отырып, қарап отырсаңыз осы жерде ешқандай көркемдік әдіс, тәсіл қолданылғаны байқалмайды, бірақ әсер етеді дейді. Осы сөзді мен академияның маңайында жүрген жас оқымыстылардан да естідім. Бір қыз бала кітап шығарыпты. Кандидаттық диссертация барысында. Бұл табиғи нәрсе. Мысалы, орыс әдебиетінде ең тәуір аудармашылар, ең жақсы зерттеушілер – әйел затынан болған. Дамыған әдебиеттерге тән сыпат. Сол, кітап болып басылған еңбегінде біз қатарлас жазушыларды талқылап келеді де, маған келіп тоқтағанда, Пәленшекеңнің, Түгеншекеңнің шығармаларындағыдай ешқандай бір шеберлік кілтипандарын, өзгеше бір тәсілді көріп отырған жоқпыз дейді. Жамандап отырған жоқ. Мақтап отырғаны. Мен бір кездесуде айтып едім. Маған қосып берген тілші сауаты төмен, түйсігі аздау бала екен. Кейін ол бала “Қазақ әдебиетінде” қызмет істеді. Тағы біраз нәрсені бүлдірді. Сол, бар сөзімді бұзып, контекстін теріс айналдырып берді. Жаңағы орайда менің айтуым былай еді. Мысалы, соғыстан кейінгі уақытта біздің ауылда немістен трофейге түскен далалық қабылдағыш болды. Сірә, әскери рация. Біздің ауыл аудан орталығынан алпыс шақырым жерде. Сонда рацияның басындағы адам ауыр тұтқасын гүжілдетіп айналдырып отырады. Келісіп қойған уақыты бар. Айқайлап жатады. “Әлеу, бұл Пәлен жер ме”, “Әлеу бұл Түгілен ғой, Прием”. Сонда жұрт, ойпыр-ай, алпыс шақырым жерден хабар алады деп таң қалады. Енді, одан кейін телефонның сымды түрі келді. Трубканы алыңыз да сөйлесе беріңіз. Бірақ телефонның құлағынан ұзап кете алмайсыз. Бұл да керемет нәрсе. Ал енді қазір, міне, ұялы телефон шықты. Елдің бәрінде қазір бір-бір осындай телефон. Сотка дейді ғой. Міне, қараңыз. Кішкентай ғана. Бөлек-салақ ештеңесі жоқ. Салбырап тұрған сымы жоқ. Дүрілдеп айналып тұрған тегершігі жоқ. Жапырақтай ғана нәрсе. Кез келген жерде отырып кез келген жердегі адаммен, шет елмен сөйлесе беруге болады. Бұл – ғылым мен техниканың әбден жетілген көрінісі. Менің прозам – Мұхтар Мағауиннің прозасы, осы ұялы, үрдіс телефонның дәрежесіндегі техникаға жеткен. Кешелі-бүгін емес, осыдан отыз үш жыл бұрын. Сауаты кем сыншылар мені оқыған кезде қай жерде сым салбырап тұр, айналдыратын тегершігі қай жерде деп іздей бастайды. Қалай сөйлеп тұрғанына таң қалады. Бірақ менде ондай ештеңе жоқ. Осы орайда айтарым, біздің қазіргі оқырман – осы күнгі профессионал делініп жүрген әдебиетшілерден әлдеқайда сауатты. Және қазір ғана емес, менің қырық жылдан бері көзім жетіп келе жатқан нәрсе. Оқырман – бүлінбеген, оның санасы ешқандай жалған теориялармен,

шалағай ұғымдармен былғанбаған. Ол оқымастан бұрын ешкімге баға бермеген. Кітапты оқиды – нақты қабылдайды. Аталмыш қалта телефонмен сөйлесу үшін ешқандай білімнің керегі жоқ. Оның пайдалы екенін ғана білу керек. Тұтқасын баса білу керек. Сол сияқты, сауатты, яғни қара танитын кез келген оқушы менің шығармаларымды оқыған кезде өзіне керегін табады. Және әр түрлі деңгейдегі, әр түрлі дайындығы бар, әр түрлі жастағы оқушылардың барлығы да өзінің қажетін табады. Мен енді, “Алтын Орда” арнайы, құрметтеп сұхбат алып отырғаннан кейін, кең сөйлеп отырмын ғой. Мақтанғаным емес. Екіншіден, шын терең шығарманың астарлы қабаттары бір қарағанда көрінбейді. Және бүгінгі заманның оқырманы оны аңдамауы да мүмкін. Енді бұның бәрі әншейін әңгіме ғой. Жаңағы “Аласапыран” мен “Шақан-Шерінің” арақатысынан шығып кетті.

Мен, жалпы, әңгіме жанрына біраз қалам тарттым. Осы бесінші томда “Бейкүнә әңгімелер” деген топтама бар. Содан кейін “Доңыз жылғы балалық” деген цикл әңгіме. Кезінде “Жұлдызға” басылды. Совет заманы еді. Көкіректегі біраз шер кетті соның ішінде. Әрине, қанағат сезімі болды. Бірақ, менің ойымша жазушы көп қанағаттана бермеу керек. Енді әңгіменің басына қайта оралсақ, бесінші томда “Шақан-Шері” мен “Сары қазақ” бар. “Мен” романында айтқан едім, совет дәуіріндегі қазақ әдебиетінің тұңғыш шығармасы – Мағжан Жұмабаевтың “Пайғамбары”, ал ең соңғы шығармасы “Сары қазақ” болуға керек деп. Мен бұны уақыт жөнінен айтып отырмын. “Сары қазақ” 1991 жылдың 16-тамызы күні “Жұлдыз” журналының 8-ші нөміріне басылып шықты. 19-тамыз күні Совет өкіметінің құлауына негіз салған әйгілі путч болды.

– ГКЧП ғой?

– Иә, ГКЧП. Мен оны Август бүлігі деймін. Осыдан кейін заман өзгерді. Совет өкіметі құлады. “Сары қазақ” – маған советтік құрылыстың қазақ оқыған жаназасы сияқты болып көрінеді.

Алтыншы том – “Мен”. Ғұмырбаяндық хамса дедік. Қазір хамса деген сөз мода болып кетті. “Хамса” – бес кітап деген сөз. Шығыс әдебиетінде әйгілі жанр. Бес кітаптан, бес томнан тұратын роман – хамса болмайды. Сол сияқты бес бөлімнен тұратын роман да хамса болмайды. Мен бұл жерде жанрлық ерекшелікті айтып отырмын. Шығыс әдебиетінде қалыптасқан дәстүр бойынша, өзара тақырыптас, сабақтас, үйлес, дербес бес шығарма хамса деп аталады. “Меннің” екі кітабы жазылып болды. Әуелгісін “Жұлдызда”, “Сүрлеу-соқпақ” деген атпен бастық. Кейін “Шытырман, немесе жазушының жан азабы” деп өзгерттік. Бұл – жазушының толық шығармашылық лабораториясы. Менің өнерге деген көзқарасым. Кейбір шығармалардың қалай жазылғандығы туралы айтылады. Тұтастай алғанда қаламгерлік еңбек туралы. Қазақ әдебиетінде бұндай кітап жазылған жоқ.

Әлем әдебиетінде шығармашылық туралы жазу дәстүрі бар. Мәселен, Паустовскийдің “Золотая роза” деген шығармасы. Содан кейін Сомерсет Моэмнің “Түйіндеме” деген кітабы. Бұлар белгілі бір орайда кесімді тақырыпқа жазылған дүниелер. Негізінен, әлем әдебиетінде бұл мәселеге

жекелеген мақалалар ғана арналған. Хемингуэй және тағы басқалар. Ұлы Толстойдың өзі “Мен “Соғыс және бейбітшілікті” қалай жаздым” деп кітап бастырған жоқ. Оны қажет деп таппаған. Шығармасы бағаланып жатқаннан кейін. Бізде қай шығарманың қалай туғаны жөнінде әңгімелеу дәстүрге айнала бастаған сияқты. Өйткені Мұхаң “Абай жолын” қалай қалыптағаны туралы жазды ғой. Жазған себебі – Мұхаң өзін қорғауы керек болды. Ресми сын теріс тартып, жұрт ұғынбай жатқаннан кейін “Абай жолының” мән-мағынасын айқындау керек болды. Әрі өзін алдын ала пәле-жаладан сақтайтын ой-толғамдары. Оны енді сол мағынасында қабылдай беруге болмайды. Сынның және тіміскі органдардың ойын басқа жаққа бұру үшін, қорғану үшін. Біздікі өзіміздің шығармашылық кейбір тәжірибемізді айғақтау. Жас жазушыларға кеңес есебінде. Жалпы, өнер табиғаты, жазудың сыры зерделенген шығарма. Бірақ біздің бұл кітабымызды әдебиетші қауым, сыншылар әулеті дұрыс түсінбеген сияқты.

– Оқырман түсіндіруіңіздің өзін дұрыс түсінбеген ғой?..

– Оқырмандардың бәрі жақсы түсінді. Үнемі түсінбейтін біздің әдебиетшілер ғана. Оқырмандардың түйсігі, санасы, танымы біздің ресми сыншы, ресми әдебиетшілерден үнемі жоғары болып келе жатыр! Менің тәжірибемде үнемі солай. Мысалы, 1971 жылы “Көк мұнарды” жаздым. Бұл романды жастар жақсы қабылдады, іздеп жүріп оқыды. Жалпы жұртқа ұнады. Ал енді осы кітап – қазақ баспасөзінде ең қатты жамандалған шығарма.

– Мен, мысалы, “Көк балақтың” жұртқа қалай әсер еткенін білем. Әсіресе, өнер тарабындағы қауымға.

– Ал, сыншыларға ешқандай әсері болған жоқ. Тек “Көк мұнар”, “Көк балақ”, “Сары қазақ” қана емес. Менің бұрынғы-соңғы барлық жазуым.

Мен осы он үш томдық “Шығармалар жинағымды” баспаға ыңғайлау үстінде, өткенге көз жүгірте отырып қайран қалдым. Міне, біз осы ғұмырымызда қазақта бар үлкен деген атақтың барлығын алыппыз. Мемлекеттік сыйлықты да. “Халық жазушысы” деген атақты да. “Түрік дүниесіне қызмет” сыйлығын да. Ең аяғы кешегі “Тарлан”. Ал енді қырық жыл ішінде бірде-бір жаңа кітабыма бірде-бір газет, иә журнал уақытында дені дұрыс рецензия бермепті. Көбіне мүлде елеусіз қалған. Бұрынғы “Тазының өлімі”, “Көк мұнар”. Кейінгі “Өмір жыры”, “Жыланды жаз”, “Шақан-Шері”, “Сары қазақ”... Тек 70-жылдарда “Бір атаның балалары” анда-санда аталып жүрді. Шамасы, ұлттық идеясын жаңсақ түсініп, сыртқы тақырыбына бола аталған болуы керек. “Аласапыран” оқырманға, әсіресе, интеллигенцияға айрықша әсер етті. Зиялылар бас қосқан жерде қаншама әңгіме болғанын білем. Бұл жолы сыншылар үнсіз қала алмады. Нәтижесінде, екі-үш шалағай рецензия шықты. Баспасөз, әсіресе, “Қазақ әдебиеті” кемітіп көрсетуге тырысты. Бұдан соң көп ұзамай... Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа жетті. Ғажап емес пе? Әдебиетші, сыншы қауым ауыз толтырып мақтай алмаған шығарманың жазушыға осыншама мәртебе әкелуі.

Ал, сол атақты, одан соңғы қаншама атақты алған кезімізде жазылған “Мен” әлі жамандалып келе жатыр. Заманнан заман өткенде әлдебіреу менің шығармашылығым жайында зерттеу жазатын болса, немесе осы замандағы әдебиет тарихын, әдеби сынның тарихын зерттейтін болса, онда ескі қазақ баспасөзін ақтарып, Мұхтар Мағауин деген жазушыны таба алмауы мүмкін. Тапса, жаман-жұман, ортадан төмен біреу болып шығады. Мен өкпе, реніш емес, шындығын айтып отырмын. Күні бүгінге дейін, кешір, аузыма келіп қалды, айтпаса мәкүрік деген ғой, ерінбеген есектің барлығы мені іліп-шалғысы келіп тұрады. Атағымызға, айбарымызға қарамай. Ал мен – табиғатымда онша момын кісі емеспін. Тек соның бәріне бірдей көңіл бөле беруді бойыңа шақ көрмейсің.

Әрине, халық таныса, халық бағаласа, одан басқаның барлығы әншейін нәрсе. Қайталап айтайын, менің аруағымды көтерген, атақ-абыройға жеткізген, ғұмырымды ұзартқан – туған халқым. Бұдан артық не керек?!

“Меннің” екінші кітабы “Қия жолдар немесе ғылымдағы машақат” деп аталады. Бұл – совет заманындағы ежелгі мұраның тағдыры, ұлттық рух жолындағы күрес шежіресі сияқты. Ал енді “Меннің” жазылмақ жалғасы туралы айтайын. Әуелгі екі кітап – “Шытырман” мен “Қия жолдар” – менің рухани өмірім. Немесе менің заманымның рухани өміріне қатысты шығарма. Айттым, бұл екеуі алтыншы томға еніп отыр. Енді үшінші, төртінші, бесінші кітаптары. Бұлар үшеуін қосқанда бір томның мөлшерінде болады. Біріншісі – “Мен – бала” деп аталады. Балалық шақ туралы хикаят. Бұдан кейінгі бөлім “Мен – жігіт” деп аталады. Ер жеткен, оқудағы кез. Ғылымдағы, жазудағы алғашқы қадамдар. 1957-65-жылдар аралығын қамтиды. Университеттегі, аспирантурадағы заман. Сол кездегі ұстаздар туралы, Әуезов туралы. Жастық шағым. Бұдан кейінгі, ең соңғы кітап – “Фәни дүние” деп аталады. 1965 жылдан бастап осы 13 томдық шыққанға дейінгі аралықты қамтиды. Әлеуметтік, қоғамдық өмірге араласа бастаған кезіміз. Жазушылар одағы маңайындағы тірлік. Адам ретіндегі байқағандарым және заманның қалпы әңгіме болады. Бұл үш кітапты жазу үшін әуелгі екі кітаппен араға біраз уақыт түсуі керек сияқты. Жұрт хабардар болу үшін айтып жатырмын. Он үш томдыққа қайтып оралсақ, жетінші том – соңғы жылдары жазған әңгіме, повестерден тұрады. Бұдан ары – әдебиет тарихына қатысты зерттеулерім бір том болады. Ішінде “Қобыз сарыны” бар. Содан кейін, мен өмір бойы әдеби сыннан қол үзгем жоқ. Кейінгі кезде де жазып жүрміз. Және өзім ерекше мән беріп, жеріне жеткізген “Абайдың суреті” деп аталатын эссе және сол қатарлы шығармалар – бұлар екі томды құрайды. Қазақ тарихына қатысты жазылған “Қазақ тарихының әліппесі” бар. Бұның сыртында көсемсөз мақалалар бар, өткенге, тарихқа қатысты тағы біраз дүние, бұл да екі том. Сосын бір том аударма бар. Оны бермеуге де болатын еді. Бірақ классикалық әдебиеттің қазақ тіліндегі нұсқалары болғандықтан оны да ірікпедік.

– “Сүлеймен патшаның кеніші” ғой?

– Иә, Хаггард – “Сүлеймен патшаның кеніші” және Сомерсет Моэмнің әңгімелері бір томды құрайды.

– Мұхтар аға, ертеректе, оқырмандармен болған бір кездесуіңізде “Тарихи романдар циклын жазу ойымда бар. “Аласапыран” сол романдардың соңғысы” деп едіңіз. Содан бері “Қазақ тарихының әліппесі” және ірілі-ұсақты бірқатар мақаланың жазылғаны болмаса, тарихи тақырыпқа біржола ден қойғаныңыз байқалмайды. Осы орайдағы сауал: аталмыш романдар жазыла ма?

– Жоғарыда айттым ғой, біздің заманымызда жазушыға бөгесін өте көп болды. Әрине, жазушы бөгесінге қарамау керек. Бірақ үнемі маңдайыңмен тас қабырғаны сүзіп отырып өмір сүру, жазу мүмкін емес. Ол романдар “Аласапыранға” дейін жазылу керек еді. Жоспар өте үлкен еді. Тарихи тақырыпқа тоғыз роман жазам деп межелеген едім. Әрине, ойда бар, түгел болмаса да, екі-үшеуін жазатын шығармыз, Құдай қуат берсе.

– Шыңғыс хан туралы ма?

– Шыңғыс хан туралы ғұмырбаяндық роман аталмыш циклдың ішінде жоқ, дербес тұруға тиіс шығарма болатын. Осыдан бір-екі жыл бұрын бастап кетсем бе деп те ойлады. Содан кейін тоқтап қалып едім. Енді байқағаным, біздің бүгінгі танымымыз толық қалыпқа түспеген сияқты. Соңғы кезде Шыңғыс хан жайлы айтылған әңгімелер осыны көрсетіп отыр. Сондықтан, мүмкін болып, орайы келіп жатса жазармыз. Қазақша айтқанда, барлығы Алла тағаланың қолында. Дүниеден әлі үмітіміз мол. Соңғы отыз бес жылдың ішінде жазу бір калыптан танбаған сияқты. Мен профессионал жазушымын. Профационал деп үнемі жазумен ғана отырған жазушыны айтады. Көп жазушылар үзіп-жұлып жазады. Тұрмыс жағдайынан, немесе калыпқа түспегеннен. Көбіне заман ыңғайынан. Біз де үнемі еселі еңбек жасай алмадық. Бірақ жазудан, мұратты бағдардан айнымауға тырыстық. Алда енді қанша ғұмыр бар – құдай біледі, бірақ қайткенде де қаламымыз қалтырамауға тиіс. Өткен әдеби тәжірибелерге қарағанда, үлкен жазушылар, ұзақ жасаған жазушылар сексенге дейін жаза берген. Жамбыл атамыз тоқсанында да жыр толғаған. Сонымен қатар, әр жастың өз сыбағасы бар. Мәселен, мен, жазудың қыр-сырын біршама меңгердім деген алпыс жасымда отыздағы “Көк мұнарды” сол дәрежесінде шығара алмас едім. Сондай-ақ, кейінгі бір дүниелер, мәселен “Шипалы Арасан” сол “Көк мұнар”, “Тазының өлімі” қатарлас жазылмас еді. Кемшілік емес, артықшылық та емес, ерекшелік, қаламгерлік ғұмыр жолынан туындайтын. Он үш томдық шығармалар жинағын тиянақтауға өткен жылғы қарашаның басында кірісіп едім, міне, бес ай, өзіме тиесілі жұмыстың негізгі бөлігі тәмам болды. Ендігі күш – баспада.

“Қағанат” баспасынан әзірше, әуелгі сегіз том жарыққа шықты. Құдай қаласа, маусымға дейін бар шаруа тәмам болып қалар. Сонымен, менің адамдық, пенделік алпыс екі жыл, қаламгерлік қырық екі жыл ғұмырым өзінің ең үлкен, түйінді мағынасын таппақ. Біз кез келген жазушыны, өтіп кеткеннен кейін еске алатын болсақ, ойымызға олардың шығармалары ғана оралады. Мысалы менің кабинетімде Толстойдың жиырма томы тұр. Толстой кім дегенде, мен оның өмірде кім болғанын, қалай жүріп-тұрғанын ойламаймын. Мен үшін Толстой – осы жиырма кітап. Яғни,

аман-есен басылып шығатын болса, мен бүкіл қаныммен, жаныммен, бүкіл өткен өміріммен, бүкіл болашағыммен сол он үш том кітаптың ішіне көшем. Ендігі жерде жұмыр басты пенде ретінде бар, жоғым есеп емес. Егер бұдан былайғы ғұмырымды жалғастырам десем, жаңа шығармалар жазуым керек. Менің ұғымымда тағдырдың өзінің сызып қойған сызығы, еншілеп қойған несібесі болады. Әр адамның, ұлы болар, кіші болар – өмірде өз миссиясы болады, атқаратын қызметі болады. Алла тағала әуел баста көкірегімізге сәуле құйған болса, онда сол артқан міндетін ақырына дейін орындап шығуымызға жағдай жасауы керек қой деп ойлаймын. Халық менің қандай жазушы екенімді біледі. Менің кітаптарым Алтайдан – Атырауға дейін, Жетісайдан – Қызылжарға дейін, барлық жерде бар, әр үйдің төрінде тұр. Осы он үш томнан біздің қандай жолда болғанымыз, не үшін күрескеніміз кәміл танылады. Жалғыз менің ғана емес, үлкен болар, ортадан жоғары болар – кез келген жазушының шығармаларының толық жинағы шығуы біздің әдебиетіміз үшін, мәдени өміріміз үшін үлкен оқиға. Оны тек қана құттықтау керек. Халықтың бай болғаны – бүкіл елдің ырысы болатыны сияқты, әдебиеттің бай болғаны, бір-екі емес, ондаған жазушының бір-екі кітабы ғана емес, бар мұрасы том-томдап шығып жатуы – бұл тек қана әдебиеттің игілігі. Мен бұл шаруаны ертерек ойластырып едім, бірақ тым құрыса, бес-алты ай, жаңа шығармалар жазатын жеті-сегіз жүз жазу сағаты кететінін ойлап, жүрегім дауаламаған еді. Жетпіс жасқа келгенде кірісем деп жоспарладым. Одан кейін әуелі жетпіске жету керек деген ой келді. Екіншіден, ол кезде қандай заман болады. Сондықтан, амал жоқ, бел шешуге тура келді. Терілу мен оқылуға көп уақыт, көп күш жұмсалып жатыр. Әзірше бір романға жетерлік күш кетті. Айтпақшы, өңделген, жөнделген, жаңартылған, қайта жазылған ештеңе жоқ. Барлығы сол қалпында. Мен бір жазғанда, алғаш жазғанда жеріне жеткізуге тырысам. Қайта-қайта жөңдей берген деген – ол шалағайдың ісі. Оны айтқанбыз да, жазғанбыз да. Әр шығарма өзінің мүмкін болған деңгейіне кезінде жеткен. Енді сол қалпында, тек бар жазуымыздың басы қосылып, көпшілік алдына тобымен тартылмақ. Иә, тиражы – осы замандағы межеде, жалпы жұртқа жете қоймайды, сондықтан, өзіме тиесілі біраз данасын үлкен кітапханаларға тегін таратпақпын.

Сөз соңында айтарым, бұл – менің өмірімнің ең елеулі түйіні. Бүгінге дейінгі бар ғұмырдың қорытындысы. Бұл жайында хабарды басқа ақпарат емес, “Қазақ әдебиеті”, “Ана тілі”, яки басқа газет емес, өзім басқарып отырған “Жұлдыз” емес, “Алтын Ордаға” беруімнің үлкен мәнісі бар. Себебі, “Алтын Орда” – бүгінгі қазақ баспасөзінің маңдайалды газеті. Ұлттық санасы жоғары, өрісі кең, иманы таза. Уақыт тынысын тап басқан. Сондықтан, риясыз сұхбатымызды осы “Алтын Ордаға” бердік.